

## Шанхай ынтымақтастық ұйымы Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының Деректер банкі жөніндегі келісіміне қол қою туралы

Казақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 16 маусымдағы N 1397 Жарлығы

Қаулы етемін:

1. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының Деректер банкі жөніндегі келісімінің жобасы мақұлдансын.
2. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының Деректер банкі жөніндегі келісіміне қол қойылсын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2004 жылғы 16 маусымдағы

N 1397 Жарлығы мен

Мақұлданған

## Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының деректер банкі туралы

### Келісім жобасы

Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы қурес туралы 2001 жылғы 15 маусымдағы Шанхай конвенциясына қатысуши болып табылатын, бұдан әрі Тараптар деп аталатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер,

2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүше мемлекеттердің арасындағы Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы келісімді басшылық ала отыр ,

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының (бұдан әрі - Аймақтық терроризмге қарсы құрылым) тиімді қызметіне тиісті жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге ұмтылып ,  
төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап

Тараптар арнайы уәкілетті органдардың ақпараттық өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету және оның деңгейін көтеру сондай-ақ Тараптарды Аймақтық

терроризмге қарсы құрылымның құзыretіне жататын мәселелер бойынша ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында Шанхай ынтымақтастық ұйымы Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының Атқарушы комитетінде (бұдан әрі - Атқарушы комитет) Аймақтық терроризмге қарсы құрылымның деректер банкін (бұдан әрі - деректер банкі ) құрып, онда бар ақпаратты пайдаланады.

Деректер банкі есептеу техникалық құралдарын пайдалана отырып, автоматтандырылған ақпарат жүйесінің негізінде, сондай-ақ құжаттық материалдарды қатты (қағаз) және өзге де тасушыларда жинақтау арқылы қызмет етеді.

## 2-бап

Тараптар деректер банкінің қызметіне қатысты мәселелер жөнінде өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін арнайы уәкілетті органдарды айқындаپ, бұл жөнінде аталған Келісімнің күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдер орындалғаннан кейін Атқарушы комитетті алпыс күннің ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді.

Арнайы уәкілетті органды алмастырылған жағдайда бұл жөнінде Атқарушы комитетке 10 күн мерзім ішінде жазбаша нысанда хабарлама жіберіледі.

Деректер банкіндегі ақпарат құпия және құпия емес болып екіге бөлінеді.

Құпия ақпаратқа ену рұқсаты Шанхай ынтымақтастық ұйымы Аймақтық терроризмге қарсы құрылымында құпия ақпаратты қорғау жөніндегі келісімнің мүшелері болып табылатын Тараптарға ғана беріледі.

Деректер банкінің құрылымын, құпия емес ақпаратпен жұмыс істей және оларға ену тәртібін Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының Кеңесі айқындайды.

Деректер банкіндегі ақпаратты техникалық қорғауға қатысты мәселелер бөлек Келісіммен реттеледі.

## 3-бап

Деректер банкі Аймақтық терроризмге қарсы құрылымның құзыretіне жататын, Тараптардың арнайы уәкілетті органдарынан түсетін, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымының органдарынан және басқа да көздерден, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарынан, басылымдардан, телекоммуникациялық жүйелер мен "Интернет" халықаралық компьютерлік желісінен алынатын ақпарат есебінен қалыптастырылады .

Д е р е к т е р      б а н к і н д е :

халықаралық террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдар, олардың құрылымы, іс-әрекеттерінің нысандары мен әдістері, көшбасшылары, мүшелері мен осы ұйымдарға қатысы бар басқа да адамдар жайлы, сондай-ақ есірткі құралдарының заңсыз айналымын, жүйкеге әсер ететін заттар мен олардың прекурсорларын қоса алғанда, осы ұйымдардың қаржыландыру көздері мен арналары туралы;

терроризм, сепаратизм және экстремизмнің жай-күйі, таралымының серпіні мен  
үрдісі туралы;

террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдарға қолдау көрсететін ұйымдар  
мен адамдар туралы;

терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар  
туралы;

Тараптардың заңнамалары, соның ішінде Аймақтық терроризмге қарсы  
құрылыммен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын құзыретті органдардың қызметін  
реттейін ұлттық заңнамалары туралы;

болған террористік актілер, оларды жүзеге асырудың нысандары мен әдістері  
туралы;

террористік актілерді жасауда қолданылған жарылғыш қондырғылар (жарылғыш  
қондырғылардың жиынтық бөліктері), қарулар, оқ-дәрілер, уландырғыш және басқа  
заттар туралы ақпарат жинақталады.

## 4-бап

Атқарушы комитет деректер банкі үшін ақпарат алу мақсатында бір немесе бірнеше  
арнайы уәкілетті органдарға олардың бастамасы бойынша немесе өз бастамасы  
бойынша сұрау салу жібере алады.

Атқарушы комитет арнайы уәкілетті органдардың тиісті сұрау салуы бойынша отыз  
күннің ішінде деректер банкінде бар қажетті ақпаратты береді.

Атқарушы комитет тоқсан сайын арнайы уәкілетті органдарға деректер банкінде  
бар мәліметтер мен материалдардың тізбесін жібереді.

Атқарушы комитеттің ақпарат беру туралы сұрау салуларын орындау тәртібі  
орындаитын Тараптың ұлттық заңнамасымен реттеледі. Сұрау салуларды орындау  
мерзімі отыз күннен аспауға тиіс.

Сұрау салуларды орындау осы Келісімнің 7-бабында белгіленген тілдерде жүзеге  
асылылады.

Арнайы уәкілетті органдар деректер банкіне ақпаратты оның тұсуіне қарай жібереді  
, оның барынша толықтығы мен растығын қамтамасыз етеді.

Арнайы уәкілетті органдар берілген ақпаратты Тараптардың және Аймақтық  
терроризмге қарсы құрылымның мүдделеріне залал келтірмей пайдаланады.

## 5-бап

Атқарушы комитет деректер банкін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз  
е түді, соның ішіндегі:

деректер банкін басқаруды және пайдалануды;

Аймақтық терроризмге қарсы құрылымның Кеңесі бекітетін деректер банкіне ену,

оны пайдалану, деректер банкі мен ақпаратты қорғауға арналған ақпарат тасушылармен жұмыс істеу тәртібі туралы нұсқауларды өзірлеуді және орындауды;

деректер банкі шенберінде ақпаратты қорғау және ақпарат алмасуды бақылауды жүзеге асырады.

## **6-бап**

Деректер банкін құруға, оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, дамытуға, сондай-ақ онда бар ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты шығыстар Шанхай ынтымақтастық ұйымының бюджетінен Аймақтық терроризмге қарсы құрылымның қызметіне бөлінетін қаражат есебінен өндіріледі.

## **7-бап**

Деректер банкі орыс және қытай тілдерінде қалыптастырылуы мүмкін.

## **8-бап**

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас болігі болып табылатын хаттамалар түрінде ресімделеді және осы Келісімнің 10-бабында белгіленген тәртіппен өз күшіне енеді.

## **9-бап**

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындаған даулы мәселелер мүдделі Тараптардың арасында консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

## **10-бап**

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және депозитарий осы Келісімнің күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы тәртінші жазбаша нысанда хабарлама алған күннен бастап отызыншы күнге күшіне енеді.

Осы Келісімнің депозитарийі Шанхай ынтымақтастық ұйымының хатшылығы болып табылады.

Осы Келісім Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы 2001 жылғы 15 маусымдағы Шанхай конвенциясына қатысушы мемлекеттердің қосылуына ашық. Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің оның қосылуы туралы құжатты алғаннан бастап отызыншы күнге күшіне енеді.

Тараптардың кез келгені осы Келісімнен шығу үшін, шығудың межеленген күніне дейін он екі ай бұрын депозитарийге жазбаша нысанда хабар жолдай отырып, осы

Келісімнен шыға алады. Депозитарий шығу туралы хабар алған күннен бастап отыз күн ішінде басқа Тараптарды аталған ниет туралы хабардар етеді.

200\_\_ жылғы "\_\_\_" қаласында бір тұпнұсқа данада орыс және қытай тілдерінде жасалды, екі тілдегі мәтіннің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Қыргыз Республикасы үшін*

*Қытай Халық Республикасы үшін*

*Ресей Федерациясы үшін*

*Тәжікстан Республикасы үшін*

*Озбекстан Республикасы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК